

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

No: AIFC-C/CFI/2021/0008 ic

Өкілдік:

"Success K" ЖШС: Ерболат Хасанов

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі: Бибігүл Малғаждарова

ХТО 2018 ТӨРЕЛІК ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ ҚАҒИДАЛАРЫНА СӘЙКЕС ХТО ҚАБЫЛДАҒАН 2021 ЖЫЛҒЫ
4 ҚАЗАНДАҒЫ № 2/2021 ТӨРЕЛІК ШЕШІМДІ МОЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ
МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША

«Success K» ЖШС

Талап қоюшы

және

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Жауапкер

АРАСЫНДА

ЖӘНЕ АТАЛҒАН ТӨРЕЛІК ШЕШІМДІ МОЙЫНДАУДЫ ЖӘНЕ ОРЫНДАУДЫ ЖОЮ ЖӘНЕ ОДАН БАС
ТАРТУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Талап қоюшы

және

«Success K» ЖШС

Жауапкер

АРАСЫНДА

2022 ж. 24 қаңтардағы
ШЕШІМ

Сот Төрағасы:

Мәртебелі Лорд Манс

КІРІСПЕ

1. «Астана» халықаралық қаржы орталығының Сотында («АХҚО Соты») АХҚО Халықаралық төрелік орталығы («ХТО») № 2/2201 Төрелік іс бойынша 2021 жылғы 4 қазанда шығарған түпкілікті шешімге қатысты екі Арыз бар. Төрелік сот Талап қоюшының - «SUCCESS K» ЖШС («SUCCESS») пайдасына шешім қабылдаған, мұнда 74 031 989,00 теңге – Мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің («Министрлік») берешегі және осы берешек бойынша төлем мерзімі өтіп кеткені үшін шарт бойынша тұрақсыздық айыбы ретіндегі 1 207 090,98 теңге. Берешек пен тұрақсыздық айыбы тараптар арасында «SUCCESS»-тің Министрлікке консультанттың (немесе консультациялық) қызметін көрсетуі жөнінде жасалған 2019 ж. 31 шілдедегі № SHIP-3/CS-06 Келісімшартқа сәйкес мәлімделген. Шарт құрамында төрелік келісім бар, оған сәйкес № 2/2201 Төрелік өтті.
2. Қазіргі уақытта АХҚО Сотында қаралып жатқан екі Арыз – бұл Түпкілікті шешімнің мойындалуын және орындалуын талап ететін SUCCESS арызы және төрелік шешім Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жарамсыз болған және болып табылады деген негізде Түпкілікті шешімді жоюды және оны мойындау мен орындаудан бас тартуды талап ететін Министрліктің арызы. Екі қосымша мәні бойынша бір-біріне қарама-қарсы болып табылады. Бұл шешім олардың екеуіне де қатысты.

ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ТАРИХ

3. 2021 жылғы 12 қарашада кейс-менеджмент бойынша конференцияда екі тараптың өкілдері қашықтан тыңдалды және екі тараптың өкілдері сотқа өздерінің Қазақстан Республикасының Құқық саласындағы заңгерлері мен сарапшылары болып табылатындықтан, тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына қатысты туындайтын барлық мәселелер АХҚО Сотына берілген ұсынымдар арқылы шешілетін болуына келіскенін Сотқа растады.
4. Кейс-менеджмент бойынша конференцияның қорытындысы бойынша АХҚО Соты 2021 жылғы 15 қарашадағы Бұйрықты шығарды, онда, соның ішінде:
 - a. SUCCESS арызы аталған Шешімді мойындаудан және орындаудан бас тарту жөнінде қаулы шығару туралы Министрліктің Арызы шешілгенге дейін немесе одан әрі қарайғы өкімге дейін тоқтатыла тұрды.
 - b. Министрліктің арызына қатысты жазбаша ұсынымдармен (кез келген тиісті куәлік көрсетілімдер мен растаушы құжаттама қоса берілетін) бірізді алмасу үшін нұсқаулар берілді.
 - c. Министрліктің арызын ауызша тыңдау күні Тіркеуші арқылы тағайындалуы тиіс.
 - d. Әр тарапқа Бұйрықты немесе кестені немесе кез келген басқа тәртіпті немесе нұсқауды кез келген өзгертуге өтініш беру құқығы берілді.

5. Бұйрыққа сәйкес Министрлік 2021 ж. 26 қарашада жазбаша ұсынымдар берді, Success 2021 ж. 8 желтоқсанда наразылық тәртібімен жазбаша ұсынымдар берді, ал Министрлік 2021 ж. 15 желтоқсанда жауап ретінде жазбаша ұсынымдар берді. Сонымен қатар 2021 ж. 15 желтоқсанда тараптар қандай да бір ауызша тыңдаулардан бас тартып және 2021 жылғы 23 желтоқсанға дейін істі аяқтауды жеделдету ұсыныстарын білдіріп, Сотқа жазды.
6. Сот жазбаша материалдар мен тараптардың ұсыныстарын қарап, Тіркеушінің электрондық поштасы бойынша 2021 жылғы 23 желтоқсанда былай деп жауап берді:
 - a. Сот тараптың келісімімен шешімді ауызша тыңдаусыз жылдам шығару мүмкіндігі болуы тиіс деп санады, бірақ бұл тек 2021 жылғы 23 желтоқсаннан кейін ғана мүмкін болады.
 - b. Екі тараптың да Арыздары бойынша мәселелерді шешу үшін Сот екі тараптан да Сотқа ақпарат беруін және Қазақстан соттарының кез келген шешімінің (шешімдерінің) көшірмесін екі тармақ бойынша ұсынуды өтінді, бұл екі тармаққа Сот төменде қайта оралады (төменде 31 және 32-тармақтарды қараңыз).
 - c. 2-тармақ бойынша жауаппен танысып шығып, Сот шешімді ауызша қараусыз шығару мақсатқа сай деп санаған деп болжай отырып, ол шешімде Министрліктің жоққа шығару туралы да, сол сияқты Шешімді мойындаудан және орындаудан бас тарту туралы да Арызын және SUCCESS-тің мойындау және орындау туралы Арызын да (бұл мақсат үшін бұл Арыздың қолданылуын тоқтата тұруды жойып) қарауды ұсынатын еді. Сотқа берілген ақпарат бойынша, екі арыз бір-біріне қарама-қарсы, сондықтан егер бір тарап табысқа жетсе, екінші тарап жеңіліске ұшырар еді және керісінше.
 - d. Тараптарға 3-тармақ бойынша жауап бере отырып, оларға мәселенің баяндалғандай түрде шешілуіне келісетіндерін растау ұсынылды. Егер одан әрі назар аударуды қажет ететін мәселелер туындаған жоқ деп болжасақ, шешімді 2022 жылдың қаңтарында күту керек.
7. Тіркеушінің электрондық хатына жауап ретінде 2021 жылғы 30 желтоқсанда Министрлік электрондық пошта бойынша Сотты Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің деректері бойынша, Тіркеушінің электрондық хатында сұратылғанға ұқсас сот шешімі болмағандығы туралы ақпараттандырды. Қолжетімді жалғыз құжат Нұр-Сұлтан қ. қалалық сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының «Арех Consult» ЖШС-ның Денсаулық сақтау министрлігіне қарсы ісі бойынша шешімі болып табылады (06.10.2021ж. № 2а-7236-21 іс), оған Сот төменде қайта оралады. Министрліктің электрондық хаты соттың ауызша тыңдаусыз шешім қабылдау туралы ұсынысын да растады.
8. Success Компаниясы Тіркеушінің электрондық хатына электрондық пошта бойынша 2022 жылғы 10 қаңтарда жауап берді, соның ішінде, мыналарды көрсетті;
 - «1. АХҚО төрелік ескертпесі бойынша сот практикасын іздеу нәтижесінде біз бүгінгі күнге сот практикасы болған жоқ деген қорытындыға келдік.»

2. «Арех Consult» ЖШС бойынша Сот шешіміне қатысты оларда АХҚО ХТО сотына жатпайтын тармақ болғанын хабарлаймыз.
3. Істі тараптардың шақырылмай қаралуына келісетінімізді растаймыз».

9. Сонымен, екі тарап та Соттың Хатшының электрондық хатында көрсетілгендей әрекет етуі тиістігімен келісті. Тиісінше, бұл шешім қандай да бір қосымша ауызша тыңдауларсыз және бұны мүмкін ету үшін Success арызының әрекет етуі тоқтатыла тұруын жоюмен екі арызға да қатысты болады.

АХҚО ТӨРЕЛІК РЕГЛАМЕНТІ

10. 2017 ж. 5 желтоқсандағы АХҚО төрелік регламенті («АХҚО төрелік регламенті») мыналарды қарастырады:

3 БӨЛІМ: ТӨРЕЛІК ШЕШІМДЕРДІ МОЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ

45. Төрелік шешімдерді мойындау және орындау

- (1) Төрелік шешім ол қабылданған мемлекетке немесе юрисдикцияға тәуелсіз, АХҚО-да міндетті болып табылады және АХҚО Сотына берілген жазбаша өтініштің негізінде осы Актінің және 46, 47 баптардың ережелерін ескерумен орындалады...

.....

47. Мойындаудан немесе орындаудан бас тарту үшін негіздер

- (1) Төрелік шешімдерді мойындаудан немесе орындаудан, ол қабылданған мемлекетке немесе юрисдикцияға тәуелсіз, тек мына негіздер бойынша ғана бас тартыла алады:

- (a) оған қарсы төрелік шешім шығарылған тараптың өтініш жасауы бойынша, егер бұл тарап АХҚО Сотына дәлелдерін ұсынса:

- (i) ... төрелік шешім тараптар оны бағындырған заңға сәйкес жарамсыз немесе шешім қабылданған мемлекеттің немесе юрисдикцияның заңнамасына сәйкес қандай да бір нұсқаулар жоқ болған жағдайда;...»

КЕЛІСІМШАРТ ЖӘНЕ ТӨРЕЛІК ЕСКЕРТПЕ

11. Консультант қызметтерін көрсетуге келісімшарт оның 1.1(b) және 3.1 Жалпы талап шарттары мен оларға жататын Арнайы талап шарттарға сәйкес Қазақстан заңнамасымен тікелей реттеледі және оған сәйкес түсіндіруге жатады. Бұл аталған шарттарда былай айтылған:

а. 1.1(б) жалпы талап шарт:

«Қолданылатын заңнама» Клиенттің еліндегі немесе **Арнайы талапшарттарда көрсетілуі** мүмкін мұндай басқа елдегі заңды немесе заң күші бар басқа құжаттарды білдіреді»

б. 3.1 жалпы талап шарт:

«Осы Келісімшарт, оның мәні мен түсіндірілуі, сол сияқты Тараптар арасындағы қатынастар Қолданылатын заңнамамен реттеледі».

в. 1.1(b) және 3.1 жалпы талап шарттарға жататын ерекше талап шарт:

Осы Келісімшарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түсіндірілуге жатады».

12. 1.1(b) және 3.1 жалпы талап шарттар, сол сияқты оларға жататын Ерекше талап шарттар Келісімшарттың қолданылатын материалдық құқығына жатады. Дауларды шешуге қатысты позиция – бұл бөлек қарауды талап ететін бөлек мәселе. Төрелікті реттейтін қолданылатын құқықтың («төрелік құқық») төрелік келісім бар шартпен байланысты туындайтын мән мәселелерін реттейтін құқықтан айырмашылығы болуы сирек емес. Бұл ХТО Төрелік және медиация қағидаларының («ХТО Қағидалары») 7.2 бабында төменде 34-тармақта баяндалған тікелей мойындалған, сонымен қатар халықаралық төреліктің жалпы қағидаты болып табылады.

13. Осы Келісімшарт 49-баптағы және 49-шы Арнайы талап шарттағы дауларды шешуге қатысты. Келісімшарттың Сотқа екі тарап ұсынған аудармасында бұл ережелерде былай жазылған:

а. 49-тармақ:

«49. Дауды шешу

Тараптар арасында осы Келісімшарт бойынша туындайтын, бейбіт жолмен реттеле алмайтын кез келген дауды Тараптардың кез келгені АТШ-да көрсетілген ережелерге сәйкес төрелікке қарауға бере алады».

б. Келісімшарттың ерекше талап шарты:

«49. Даулар төрелікте келесі ережелерге сәйкес шешіледі:

Осы шарттан немесе онымен байланысты туындайтын шарт бойынша немесе шарттан тыс, соның ішінде осы шарттың болуы, жарамдылығы, түсіндірілуі, орындалуы, бұзылуы немесе оны бұзуға қатысты кез келген дау, келіспеушілік немесе талап [ХТО] әкімшіліктендіретін төрелік осы жауапкершіліктен бас тартуға [осылай жазылған] енгізілген төрелік және бұқаралық ақпарат құралдары [осылай жазылған] мен ІАС [осылай жазылған] және ХТО [осылай жазылған] қағидаларына сәйкес түпкілікті шешуі [үшін] беріледі.

1. Төрелер саны

Төрелер саны үшеу болуы тиіс

.....

2. Төрелік орны және қолданылатын құқық

Төрелік орны болып Қазақстан Республикасы саналады. Қолданылатын құқық болып төрелік құқығы табылады

3.Төрелік тілі

Төрелік тілі – орыс тілі».

14. Бірінші негізгі абзацтың аудармасында бір нәрсе дұрыс болмады. «Медиа» сөзі «медиация» ретінде оқылуы тиіс болғаны айқын. Бірақ келесі «және ХТО» сөздерінің өз контексінде мағынасы жоқ, ал соңғы «жауапкершіліктен бас тарту» сөздері шамасы бұрыс аударма. 49-шы Ерекше талап шарттың Success түпнұсқа Арызы мен Түпкілікті шешімдегі аудармалары мәтінді түсінуге көмектеседі, олар да Соттың қарауында. Түпкілікті шешімдегі аударма

«ХТО Тіркеушісіне төрелік туралы Сұрау берілген күні қолданыста болған және қағидалары осы тармаққа енгізілген болып саналатын Төрелік және медиация туралы ХТО қағидаларына сәйкес ХТО жүргізетін төрелікпен» шешілетін дауларға жатады».

2-ші параграф та Түпкілікті шешімде былай аударылған:

«Төрелік өткізілетін орын Қазақстан Республикасы болады. Қолданылатын құқық төрелік орын құқығы болып табылады».

Министрліктің жоққа шығару туралы түпнұсқа Арызында бұл мәлімдеме мына түрде аударылған:

«Төрелік орны Қазақстан Республикасы болып анықталады және төрелік орнының құқығы қолданылатын құқық болып табылады».

МИНИСТРЛІКТІҢ НЕГІЗГІ ІСІН ТАЛДАУ

15. Министрліктің ісі осы төрелік норма, ол Қазақстанның заңнамасы бұзылып, мемлекеттік мүлік үшін жауапты мемлекеттік органның, атап айтқанда ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің («ММЖК») келісімі алынбай жасалғандықтан, жарамсыз екендігінде болып табылады. Төрелік іс қараудың соңғы кезеңінде Министрлік төрелік сотқа 2021 жылғы 21 қыркүйектегі ұсынымды жолдады, онда төрелік келісімнің жарамды-жарамсыздығы туралы мәселе көтерілген және бұл жағдайда Қазақстан Республикасының «Төрелік туралы» Заңының 8(10) бабына сілтеме жасалған. Ол кезеңде бұл юрисдикцияға қатысты мәселе немесе наразылық қана бола алды. Осы кезеңде оның орындылығы АХҚО Төрелік регламентінің 47(1)(a)(i) регламентіне сәйкес (жоғарыдағы 10-тармақты қараңыз)

«Төрелік шешім тараптар оны бағындырған заңға сәйкес жарамсыз немесе шешім қабылданған мемлекеттің немесе шешім шығарылған мемлекеттің немесе юрисдикцияның заңнамасына сәйкес қандай да бір нұсқаулар жоқ болған жағдайда

жарамсыз»

болып табылатыны негізінде мойындаудан және орындаудан бас тарту үшін ықтималды себеп болып табылады.

Алайда 47(1)(a)(i) бапты қолдану төрелік келісімге Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңын тараптар өздерінің төрелік келісімін бағындыратын құқық ретінде немесе (қандай да бір нұсқаулар жоқ болған жағдайда) шешім шығарылған мемлекеттің немесе юрисдикцияның заңнамасы ретінде қолдануға тікелей байланысты.

16. Төрелік сотта Министрлік сүйенген Қазақстан Республикасының «Төрелік туралы» Заңының 8(10) бабы мемлекеттік органдарға ММЖК келісімінсіз төрелікке қатысуға тікелей тыйым салады, ал 9(4) бапта мұндай келісім төрелік келісімде жазылып көрсетілуі талап етіледі. Қандай да бір осындай келісімді бұл жағдайда Министрліктің алған болуы немесе оның тіркелген болуы көзделмейді. Сонымен қатар егер мұндай келісім осы жағдайда талап етілген болса, оны алмаудың салдары Келісімшарттағы төрелік келісімді Қазақстанның Азаматтық кодексіне сәйкес жоюда болып табылатындығы жалпы негіз болып ұсынылады. Министрлік бұған байланысты Нұр-Сұлтан қ. қалалық сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының «Арех Consult» ЖШС-ның Денсаулық сақтау министрлігіне қарсы ісі бойынша шешіміне сілтеме жасайды (жоғарыда 7 және 8-тармақтарда аталып өтті).
17. «Арех Consult» ЖШС-ның Министрлікке қарсы ісінде Сот алқасында «Арех Consult» ЖШС мен Министрлік арасындағы консультациялық келісімшарт қаралған, бірақ оның осы істен маңызды айрықшалығы мынада: шешімге сәйкес, «Арех Consult» ЖШС-ның Министрлікке қарсы ісінде бейбіт жолмен реттеле алмайтын кез келген дауды төрелікте қарау туралы келісімнің мәні мұндай төреліктің

«егер тараптар өзгеше туралы уағдаласпаса, Ресей Федерациясында "өтуі тиіс болатындығында».

Бейбіт жолмен шешіле алмаған дау туындады, Талап қоюшы - «Арех Consult» ЖШС Министрлікке «даулы мәселелерді Нұр-Сұлтан қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қарау үшін келісімшартқа өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарау» және, егер бұл мүмкін болса, «дауды АХҚО жанындағы [ХТО-да] немесе Нұр-Сұлтан қаласында «Атамекен» Төрелік орталығында шешу мүмкіндігін қарау» өтінішімен жүгінді. Сонымен, дауды ХТО төрелігіне табыстау туралы шарттық келісім

болған жоқ, іс жүзінде шартпен қарастырылғаннан өзгешеленетін қандай да бір төрелік нысанын қарастыру үшін шартты өзгерту туралы «Apex Consult» ЖШС-ның тілек етуі немесе өтініш жасауы ғана болды. Екінші жағынан, Министрлік төрелік келісім Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңының 8(10) бабына сәйкессіздігі себепті жарамсыз және келісімшарттың қолданылу мерзімі таусылды, ол бойынша міндеттемелер доғарылды және оған өзгерістер енгізу мүмкін емес деп тұжырымдады.

18. Сот алқасы Қазақстан Республикасының әдеттегі құқығын қолданып, 8(10) баптың сақталмауы себепті төрелік келісімнің жарамсыздығы туралы арызды қабылдады, - бірақ ол әрі қарай, біріншіден, 8(10) бапты сақтау Министрліктің міндеті болып табылатындығын және, екіншіден, Министрлік өз міндетін орындамауы нәтижесінде «тараптар төрелік келісімді орындау мүмкіндігінен айрылған мән-жайларда [бірінші инстанция] соты мәлімделген талап заңды болып табылады және қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға негізделген түрде келді» деп атап өтті. Бұл соңғы тұжырымдамадан бірінші инстанция соты қолданыстағы төрелік ескертпе жоқ болғандықтан, материалдық талап арыздың өзі бойынша «Apex Consult» ЖШС пайдасына шешім қабылдағаны және сот алқасы бұл шешімді қолдағаны шығады. Осы мақсаттар үшін «Apex Consult» ЖШС-ның Министрлікке қарсы ісі бойынша шешім Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңының 8(10) бабына сәйкес болуы тиіс, бірақ сәйкессіз болып табылатын төрелік келісімнің Қазақстан Республикасының әдеттегі азаматтық құқығы бойынша жарамсыздығын растайтыны маңызды. Бірақ Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңының 8(10) бабы қарастырылып отырған төрелік келісімге (яғни Шарттағы төрелік келісімге) қолданымды болған жағдайда ғана бұл шешімнің мәні болады және болуы мүмкін.
19. 2021 жылғы 28 қыркүйектегі төрелік сот Министрліктің осы төрелік келісімнің жарамсыздығы туралы арызын қабылдамай тастады. Ол оны 8(10) бап осы төрелік келісімге қолданылмайтыны негізінде қабылдамай тастады. Бұл уәжді негіздеу ретінде ол АХҚО Басқару кеңесінің Қазақстан Республикасының АХҚО туралы Конституциялық заңының 14-бабының негізінде 2017 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен қабылданған АХҚО Регламентінің 7-ережесіне сілтеме жасады. 7-ережеде келесі көзделген:

«Заңнамадан ерекшелік

Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңының талабы осы Регламент бойынша өткізілетін төреліктерге қолданылмайды».

20. Жоғарыда 13-14 тармақтарда жазылып көрсетілген 49-шы Арнайы талап шарт бойынша, осы төрелік АХҚО Төрелік регламентіне сәйкес өткізілген төрелік болды. 7-ереже, бір қарағанда және төрелік соттың пікірінше, істің аяқталуы болып табылады. 7-ереже АХҚО-ның міндетті заңы болып табылады. Ол АХҚО Төрелік регламентіне сәйкес өткізілетін төрелікке Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңының талабы қолданылмайды деп ескертпесіз қарастырады. Бұл АХҚО заңының ережесі, АХҚО Соты оған төрелік сот Министрліктің 2021 жылғы 21 қыркүйектегі ұсынымына жауап ретінде істегендей күш беруі тиіс.
21. Төрелік сотқа өзінің 2021 жылғы 21 қыркүйекте берген ұсынысындағы сияқты, Сотқа берілген осы арызында да Министрлік, алайда, өзінің позициясын қолдау үшін басқа ережелерге, соның ішінде ХТО 2018 төрелік және медиация қағидаларының 18-бабына және Келісімшарттың 49-бабының 2-тармағына сүйенген.
22. 18-бапта былай жазылған:
- «18-бап. Қолданылатын құқық
18.1 Төрелік сот шешімді даудың мәні бойынша тиісті төрелік келісімнің қолданылатын құқығы негізінде шағыруға міндеттенеді. Мұндай келісім жоқ болған жағдайда, Төрелік сот істің мән-жайы мен негізгі мақсатына қатысты анағұрлым лайық деп санаған құқықты қолдануы тиіс.
18.2 Тараптардың осы мемлекеттің заңнамасын кез келген белгілеуі бұл мемлекеттің коллизиялық құқығының нормаларына емес, оның материалдық құқығына жататын болып саналады».
23. Соттың түсінуінше, Министрлік 18-бапқа төрелік келісімнің жарамдылығын анықтау үшін қандай заң қолданылатынына нұсқау ретінде және 49-шы Арнайы талапшарттың 2-тармағына Қазақстан Республикасының заңы (соның ішінде Төрелік туралы заң) тиісті заң болып табылатынына нұсқау ретінде сүйенеді. Сот, алайда, 18-баптың Қазақстан Республикасының Төрелік заңнамасы осы төрелік іс қарауға қолданымды-қолданымсыздығы туралы мәселеге қандай да бір қатысы бар екенімен келіспейді. Бұл мәселе төрелікті реттейтін заңмен, төрелік заңымен реттелуі тиіс. 18-бап төрелік құқықты қарастырмайды. Ол материалдық даудың мәнін реттейтін құқықты, яғни төленбеген берешек пен тұрақсыздық айыбы туралы ХТО сотына берілген және ол бойынша шешім қабылданған дауды реттейтін құқықты қарастырады. 18.1 бапта дау, мәні бойынша, «төрелік келісіммен қарастырылған заңның негізінде» шешілетіні туралы айтылғанымен, бұл жоғарыда 11-тармақта жазылып көрсетілген ережелермен анықталған Шартты реттейтін заңды білдіруі тиіс. 18-баптың Соттың қарауындағы төрелік құқық туралы мәселеге қатысы жоқ.

24. 49-шы Арнайы талапшарттың 2-тармағы, керісінше, қолданылатын төрелік құқыққа қатысты. Бұл жоғарыдағы 13-14 тармақтарда көрсетілген аударманың қайсысы пайдаланылатына байланысты. АХҚО Төрелік регламентінің 30(1) ережесінде «тараптар төрелік өткізілетін орын туралы еркін уағдаласа алатыны» тікелей қарастырылған. 2-тармақта талаптардың төреліктің орналасқан жері немесе өткізілетін орны туралы және төрелік іс қарауды реттеуі тиіс құқық («төрелік құқық») туралы келісімі бар.

25. Сот, Министрліктің пікірінше, 2-тармақ тараптардың заңнаманы және, соның ішінде, Қазақстан Республикасының Төрелік туралы заңын қолданылатын төрелік заңнама ретінде таңдауы деп санайды. Сот бұл тұжырымды қабылдамайды. 2-тармақты тараптар істі ХТО төрелігіне ХТО Регламентіне сәйкес беретіні қарастырылған 49-шы Арнайы талапшарттың бірінші негізгі тармағымен бірге қарастыру керек. ХТО АХҚО-ның бір бөлігі болып табылады, оның өзі де Қазақстан Республикасының шегіндегі аумақ та, сонымен қатар юрисдикция да болып табылады. 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V ҚРЗ Конституциялық заңның 1-бабына сәйкес, АХҚО

«Нұр-Сұлтан қаласының шегіндегі, Қазақстан Республикасының Президенті қаржылық салада осы Конституциялық мәртебемен белгіленген ерекше құқықтық режим қолданылатын аумақ ретінде анықтаған аумақты білдіреді».

Конституциялық заңның 9-бабына сәйкес, Сот пен ХТО АХҚО органдары болып табылады және

«оларға Конституциялық заңмен және АХҚО актілерімен берілген өкілеттіктерді жүзеге асыруда тәуелсіз».

4-бапқа сәйкес, АХҚО құқығы Конституциялық заң мен оған қайшы келмейтін АХҚО актілерінен тұрады (АХҚО регламенті олардың бірі болып табылады), ал ҚР құқығы тек

«осы Конституциялық заңмен және АХҚО актілерімен реттелмейтін мәселелерге ішінара қолданылады».

26. Егер 49-шы Арнайы талапшартты жалпы оқыған жағдайда, тараптар кез келген дауларды Қазақстан Республикасында орналасқан АХҚО юрисдикциясының шегінде ХТО төрелігі жолымен шешуге және мұны АХҚО Төрелік регламенті мен ХТО Қағидаларында қамтылған ХТО төрелік құқығына сәйкес істеуге уағдаласқан болып шығады. 2-тармақта тараптар АХҚО аумағынан және юрисдикциясынан тыс төрелік өткізілетін орын немесе олар 49-шы Арнайы талапшарттың бірінші, негізгі бөлімінде таңдаған АХҚО мен ХТО төрелік құқығынан басқа немесе оларға қосымша төрелік құқық таңдауға ниеттенген деп болжаудың ешқандай нақты

мәні жоқ. Сонымен, төрелік құқық барлық мақсаттар үшін АХҚО және ХТО құқығы болып табылады. Ол қандай жағдайға болмасын қатысты жалпы төрелік құқық немесе Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңы болмайды.

27. Сонымен, АХҚО-ның Төрелік регламенті қолданылады және 7-регламент Қазақстан Республикасының Төрелік заңнамасының талаптары ХТО-ның осы төрелік іс қарауына қолданылмайтынын қарастырады немесе растайды. Сонымен қатар бұдан Төрелік регламентінің 47(1)(a)(i) бабы бойынша төрелік келісім тараптар бағынатын заң бойынша, яғни АХҚО заңы бойынша, жарамды болғаны шығады (және көз жеткізу үшін, ол түпкілікті шешім шығарылған юрисдикция заңы – тағы да АХҚО заңы бойынша да жарамды болған).
28. Қорытындылай келе, төрелік соттың ол көрсеткен себептер бойынша Министрліктің төрелік келісімнің жарамдылығына қатысты 2021 жылғы 21 қыркүйектегі ұсынымында жазылып көрсетілген мәселесін қабылдамай тастағаны дұрыс. Министрлік енді Сотта төрелік келісім Қазақстан Республикасының Төрелік заңнамасының 8(10) бабына сәйкес жарамсыз деп мәлімдеп отырғандықтан, Сот көрсетілген себептер бойынша 8(10) бап қолданылмайды деп санайды және Министрліктің арызын қабылдамайды.

МИНИСТРЛІКТІҢ БАЛАМА НҰСҚАСЫ

29. Сот Министрліктің АХҚО Сотына берілген арызында Министрлік өзінің 2021 жылғы 21 қыркүйектегі жазбаша ұсынысымен салыстырғанда балама немесе қосымша іс ұсынып отыр деп түсінеді. Министрліктің Сотқа ұсынымдары 49-шы Арнайы талапшарттың 2-тармағынан және АХҚО-ның 2018 жылғы Төрелік Қағидаларының 18-бабынан басталады, жоғарыда аталған ескертулер оларға бұрынғыша қолданылады. Бірақ Министрлік өзінің Арызында Қазақстан Республикасының Төрелік заңнамасының 8(10) бабына мүлде назар аударып отырған жоқ. Оның орнына Министрлік, Соттың түсінудіңше, Мемлекеттік меншік туралы заң тікелей төрелік келісімді жарамсыз деп тану үшін қолданылады деп тұжырымдайды. Өзінің арызында Министрлік мұны былайша баяндайды:
- a. Біріншіден, Министрлік «Қазақстан Республикасының бюджетіне бөлінген қаражат» есебінен жұмыс істейді.
 - b. Екіншіден, "шарт үлкен қаражат сомасына, ..., 780 303 932 теңгеге... жасалған".
 - c. Үшіншіден, "Сондықтан Денсаулық сақтау министрлігі мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен (ММЖК) төрелік келісім жасасуға келісуге мәжбүр болды".

Егер бұл балама нұсқаның қандай да бір күші бар болса, онда оның қисыны, бәлкім, төрелік келісім емес, бүкіл Шарт мемлекеттік меншік туралы Заңға қайшы келетін ретінде жарамсыз болатындығында болар.

30. Success Сотта Министрліктің ісіне жауап ретіндегі өзінің наразылығында былай деп мәлімдеді (аудармада):

«Жауапкер Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік меншік туралы» Заңына сілтеме жасағанымен, алайда тараптар оны бұзған жоқ, өйткені мемлекеттік органға шарттар (келісімшарттар) жасасу үшін рұқсат алу міндеті жүктелмеген».

Министрлік өзінің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы жауабында Мемлекеттік меншік туралы Заңға сәйкес уәкілетті органның келісімі міндетті болып табылатыны туралы өз позициясын тек қайталады.

31. Министрлік істі ілгерілетудің балама тәсілін ұсынғандықтан, Сот жоғарыда 4-тармақта аталып өткен Қаулыда қамтылған екінші нұсқауды шығарды. Сот оларға байланысты Қазақстан соттарының кез келген тиісті шешімдерін анықтауды және беруді тараптарға ұсынған екі мәселе келісі түрде анықталды:

- a. Қазақстан соттарының мемлекеттік орган оны орындау үшін мемлекеттік құралдарды пайдаланумен жасасқан және тиісті мемлекеттік органның (бұл жағдайда ММЖК-нің) рұқсаты талап етілетін әдеттегі коммерциялық келісімшартқа (осы істе сөз болып отырған консультациялық қызметтер көрсету жөніндегі келісімшарт сияқты) Мемлекеттік меншік туралы Заң қолданылатыны немесе қолданылмайтыны туралы мәселе бойынша кез келген шешімі.
- b. Қазақстан соттарының Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңының 8(10) бабынан тыс және оның күшін қолданусыз Мемлекеттік меншік туралы Заң мемлекеттік орган оны орындау үшін мемлекеттік құралдарды пайдаланумен жасасқан келісімшарттағы төрелік келісімге тікелей қолданылатыны немесе қолданылмайтыны туралы мәселе бойынша кез келген шешімі.

32. Жоғарыда 7 және 8-тармақтарда жазылып көрсетілгендей, Министрлік өзінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы жауабымен және Success өзінің 2022 жылғы 10 қаңтардағы жауабымен Сот көтерген екі мәселенің ешқайсысы бойынша шешім табылмағанын Сотқа хабарлады. Жоғарыда 8-тармақта жазылған мәтінге қосымша, Success өзінің электрондық пошта бойынша жауабының 1-тармағында Мемлекеттік меншік туралы Заңда мемлекеттік органдардың төрелік ескертпе бойынша құқықтарын шектейтін «ешқандай тікелей норма» жоқтығын қайталады. Өзінің Сотқа берілген материалдарының бірде-бірінде Министрлік Мемлекеттік меншік туралы Заңның мүлктік мәмілелер үшін емес, шарттар үшін рұқсат талап

етілетіні қарастырылған бірде-бір ережесін көрсеткен жоқ.

33. Мемлекеттік меншік туралы Заң Қазақстан Республикасының жалпы материалдық құқығының бір бөлігі болып табылатыны сөзсіз және Сот Келісімшарттың жоғарыда 11-тармақта жазылған ережелеріне сәйкес, бұл заң Келісімшарт бойынша туындаған кез келген материалдық мәселелерді реттейтінін негізге алуға Сот әзір. Алайда, қарау кезінде, Мемлекеттік меншік туралы Заң Сотқа ол келісімшарттарды емес, мемлекеттік меншікті, соның ішінде қорларды пайдалануға, оларға билік етуге және оларды басқаруға қатысты болып көрінеді. Заңның 14(11) бабында уәкілетті орган мемлекеттік кәсіпорынның өз мемлекеттік меншігін (өнеркәсіптік тауарларды сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруына немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуіне, филиалдар мен өкілдіктер құруына, сол сияқты борышкердің берешегін аударуға және есептен шығаруға жазбаша келісім береді. Заңда жалпы шарттарды немесе осы Шартты қамту үшін Сот назарын аударатын немесе Сот айқындай алатын ештеңе жоқ. Мемлекеттік қаражаттарды пайдаланумен байланысты келісімшарттарды реттеу, егер ол қарастырылған болса, арнайы ережелерді талап етуі тиіс болар еді. Мұндай ештеңе жоқ және дәлелденген жоқ. Сондықтан ұсынылған материалдардың негізінде Сот Мемлекеттік меншік туралы Заң Келісімшарт жасасуға қолданылатынымен келісе аламайды.
34. Бірақ сонша алыстаудың және Соттың қаралып отырған арыздар бойынша осы шешімін Мемлекеттік меншік туралы Заң келісімшарттарға немесе осы Келісімшартқа қолданылмайтыны туралы қорытындыға негіздеудің қажеті жоқ. Бұл шешуші мәселе болып табылмайды. Маңызды мәселе - Мемлекеттік меншік туралы Заңның төрелік келісімдерге немесе осы төрелік келісімге қолданылатыны-қолданылмайтыны немесе оның бұларға қандай да бір қатысы бар-жоқтығы. Мемлекеттік қаражатты жұмсау туралы ережелер бар келісімшарттың өзі жарамсыз болған жағдайда да, оның шеңберіндегі мұндай ережелерді қамтымаған (әрине, төрелік шешім шығаруға әкеле алғанымен) және қалай болғанда да өзінің төрелік құқығына бағынатын тәуелсіз және бөліп алуға болатын ереже ретінде қолданылатын төрелік келісім дауларды шешудің механизмі болып табылады. Мұндай төрелік келісім тіпті ол құрамына кіретін шарт жарамсыз деп танылған жағдайда да жарамды болып әбден қала алады. ХТО Төрелік және медиация қағидаларының 7-бабы бұл жағдайда өте айқын былай сипаттайды:

«7.2 Шарттың бір бөлігі болып табылатын төрелік келісім шарттың басқа талапшарттарына тәуелді емес келісім ретінде қарастырылуы тиіс. Төрелік соттың шарттың жарамсыздығына қатысты шешімі міндетті түрде төрелік келісімнің жарамсыздығына әкелмейді және Төрелік соттың өкілеттіктерінің аясы шарттың

жарамсыз деп танылуына байланыссыз өзгеріссіз қалады».

35. Бұдан басқа, Мемлекеттік мүлік туралы Заң мемлекеттік қаражатты жұмсаумен байланысты келісімшарттарға енгізілген төрелік келісімге қолданылмайтыны туралы қорытынды, Соттың пікірінше, Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңының 8(10) бабының өзінің қабылдануымен және бар болуымен де көз жетерліктей расталады. 8(10) бап жалпы келісімшарттар немесе келісімшарттардағы төрелік келісімдер Мемлекеттік мүлік туралы Заңның қолданылу аясынан тыс болған және тыс болып қалады деген негізде ғана болған және қажет болып табылады.
36. Ақырында, егер АХҚО Төрелік регламентіне сәйкес төрелік келісімдер Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңының 8(10) бабына байланыссыз Мемлекеттік мүлік туралы Заңның қолданылуының тікелей аясында болған немесе болып қала берген жағдайда, бұл АХҚО Төрелік регламентінің 7-ережесін айналып өтеді және әлсіретеді, бұны алдын ала қарастыру мүмкін болған жоқ. 7-ереженің айқын мақсаты мемлекеттік меншік үшін жауапты мемлекеттік органның келісімін сұраудың қажеттігі жоқтығын түсіндіру болды, осылайша 8-бап(10) мұндай келісімді талап етуі мүмкін деген дәлелдерді жоққа шығарды. Дегенмен де, Министрліктің балама нұсқасы, егер ол дұрыс болса, Мемлекеттік мүлік туралы Заң тікелей қолданылатынын білдіреді және осы арқылы бұл мақсат үшін 7-ережені тиімсіз етеді.
37. Тіпті 36-тармақты ескермегенде де, Сот 33-35 тармақтарда жазылып көрсетілген себептер бойынша Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңының 8(10) бабына байланыссыз Мемлекеттік мүлік туралы Заң Келісімшарттағы АХҚО регламентіне сәйкес сияқты төрелік келісімнің жарамсыздығына тікелей әсері бар деп тұжырымдауға ешқандай негіз жоқ деп санайды. 36 параграф бұл қорытындыны баса көрсетеді.
38. Министрліктің түпкілікті төрелік шешімді жою немесе оның күшін жою талап етілетін және оны мойындаудан және орындаудан бас тартылатын арызының дәрменсіздігін; сол сияқты Success компаниясының пайдасына шығарылған төрелік шешімдерді мойындаудан және орындаудан бас тарту үшін себептердің дәлелденбегенін анықтау үшін бұл жеткілікті.

ҚОСЫМША ЕСКЕРТУЛЕР

39. Сот Министрліктің балама ісіне қатысты бір қосымша ескертуді, тек толықтыру үшін ғана, қосқысы келеді. Министрліктің балама ісінің қисыны, жоғарыда 29-тармақта көрсетілгендей, төрелік келісімнің емес, Келісімшарттың жарамсыз болып табылатынында. Бұл Министрлік

төрелік соттың алдында көтере алатын және көтеруі тиіс болған іс. Баяндалып кеткен себептер бойынша, бұл, Соттың пікірінше, Келісімшарттағы ХТО-ның төрелік келісімінің жарамдылығына немесе төрелік соттың юрисдикциясына ықпал ете алатын жағдай емес. ХТО-ның төрелік келісімі Келісімшарттың қалған бөлігінен тәуелсіз әрекет етеді және төрелік сот Келісімшарттың жарамдылығын анықтау үшін юрисдикциясы бар форум болды. Төрелік сотта Келісімшарттың жарамдылығына қатысты ешқандай наразылықтар мәлімделген жоқ және мойындау мен орындаудан бас тартуға АХҚО-ның Төрелік регламентіне сәйкес негіздер саны шектеулі екенін ескере отырып (жоғарыдағы 10-тармақты қараңыз), қазір олардың ешбірі ұсыныла алмайды.

МИНИСТРЛІКТІҢ ОДАН ӘРІ ҚАРАЙҒЫ НЕМЕСЕ БАЛАМА ІСІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

40. Қорытындылай келе, Сот Министрліктің балама ісінде төрелік келісімнің жарамдылығына ықпал ете алатын немесе, демек, төрелік соттың юрисдикциясына немесе оның түпкілікті шешімінің жарамдылығына ықпал ете алатын ештеңе жоқ және Министрліктің арызы ол осындай түрде баяндалған шамасында қанағаттандырылмайды деп қорытынды шығарады.

БҰЙРЫҚ

41. Жоғарыда баяндалғаннан шығатыны:

- a. Денсаулық сақтау министрлігінің төрелік шешімді жою және оны мойындаудан немесе орындаудан бас тарту туралы арызы дәрменсіз болып табылады және қабылданбайды.
- b. Success компаниясы қол жеткізуге ұмтылып отырған шешімді мойындаудан немесе орындаудан бас тарту үшін өзге негіздер жоқ болғандықтан, «Success K» ЖШС-ның ХТО-ның № 2/2021 төрелік іс қарауы шеңберінде Денсаулық сақтау министрлігіне қатысты шығарылған 2021 жылғы 4 қазандағы шешімді мойындау және орындау туралы өтініш хаты қанағаттандырылады.
- c. Тараптардың кез келгені Соттың назарын аударғысы келуі мүмкін кез келген ерекше мән-жайларды ескере отырып, келесі 7 жұмыс күнінің ішінде Денсаулық сақтау министрлігі «Success K» ЖШС-ның, егер олар келісілетін болса, Сот бағалайтын шығыстарын және «Success K» ЖШС Арызы бойынша төлеуі тиіс.

Бірінші Инстанция Соты қабылдады,



Мәртебелі Лорд Манс,
АХҚО СОТЫ СОТЫ сотының төрағасы

